



2016ж. қаңтар-сәуір


ҚР Ұлттық Банкі

Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

Негізгі түйіндер

2016ж. қаңтар-сәуірінде қысқа мерзімді экономикалық индикатор төмендеді

2016ж. қаңтар-сәуірінде қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 0,9%-ға төмендеді. Саудада, өнеркәсіпте, соның ішінде кен өндіру саласы, және байланыста көлемдердің қысқаруы қысқа мерзімді экономикалық индикатордың төмендеуіне себепші болды.



*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар

1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

р/с №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-сәуір	2016ж. сәуір	% -бен		2016ж. сәуір 2016ж. наурызына
					2015ж. қаңтар-сәуіріне	2015ж. сәуіріне	
А		Б	1	2	3	4	5
1	ЖІӨ (2016ж. 1 тоқ. үшін алдын-ала деректер)	млрд.теңге	9 304,5		99,8*		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	5 469,1	1 411,1	98,6	96,9	95,7
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	444,2	126,4	102,6	101,7	100,1
4	Құрылыс	млрд.теңге	470,2	183,0	106,3	106,5	139,7
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	157,6	38,9	100,5	101,0	96,9
6	Байланыс	млрд.теңге	219,0	53,5	95,5	94,9	98,3
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд.теңге	2 095,9	560,7	97,7	100,0	101,1
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	1 681,7	524,7	114,9	113,2	93,8
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			115,4	116,3	100,6
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		4,9			
11	Орташа айлық номиналды жалақы*	мың теңге		137,0	112,4	113,9	98,8
12	Нақты жалақы индексі*	%		97,9			

* - Деректер 2016ж. 1 тоқ. үшін көрсетілген

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-наурыз	2016ж. наурыз	% -бен		2016ж. наурыз 2015ж. ақпанына
					2015ж. қаңтар-наурызына	2016ж. наурызына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млрд. долл.	13,5	4,7	70,0	80,1	104,0
1.1.	- экспорт	млрд. долл.	8,3	2,7	69,1	78,0	96,2
1.2.	- импорт	млрд. долл.	5,2	1,9	71,6	83,3	117,4
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс*	мың теңге	212,2	71,9	114,7	116,7	102,5

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік Статистика Федералдық қызметінің деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ЖІӨ-жалпы ішкі өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі, ТБИ - тұтыну бағасының индексі

* - бағалау



1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2016ж. қаңтар-сәуірде өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс және көлікте өсудің жалғасуы байқалды.

Оң үдерістер

р/с №	2016ж. қаңтар-сәуір %-бен 2015ж. қаңтар-сәуіріне	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-наурыз %-бен 2015ж. қаңтар-наурызына
1. ЖІӨ (2016ж. 1 тоқ. үшін алдын-ала деректер)	99,8*	құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен көліктегі өсу*	
2. Өңдеу саласы	100,4	металлургия өнеркәсібі мен тамақ өнімдерін өндірудегі көлемдердің ұлғаюы	100,3
3. Ауылшаруашылығы	102,6	мал шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	102,9
4. Құрылыс	106,3	құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	106,0
5. Көлік (жүк айналымы)	100,5	құбыр көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	100,3
6. Негізгі капиталға инвестициялар	114,9	меншік қаражаты есебінен негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	115,7

* - Деректер 2016ж. 1 тоқ. үшін көрсетілген

2016 ж. қаңтар-сәуірде саудада бөлшек сауда мен көтерме сауда көлемдерінің қысқаруы есебінен төмендеу орын алды. Өнеркәсіп саласында тау-кен өндірудің есебінен төмендеу байқалды. Импорт пен экспорттың төмендеуі сыртқы сауда айналымының қысқаруына себепші болды.

Теріс өзгерістер

№пп	2016ж. қаңтар-сәуір %-бен 2015ж. қаңтар-сәуіріне	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-наурыз %-бен 2015ж. қаңтар-наурызына
7. Өнеркәсіп	98,6	тау-кен саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы	99,2
7.1 Тау-кен өндіру саласы	97,3	шикі мұнай мен металл рудаларын өндірудің төмендеуі	98,5
8. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	97,7	саудамен айналысатын кәсіпорындармен тауарларды бөлшек саудада өткізудің төмендеуі	96,9
9. Байланыс	95,5	мобильді байланыс, қалааралық және халықаралық телефонды байланыс қызметтері көлемдерінің төмендеуі	95,7
10. Инфляция	115,4	тауарлар мен қызметтер топтарының барлығына бағалардың өсуі	115,1
11. Сыртқы сауда айналымы*	70,0	экспорт пен импорттың төмендеуі	65,6
11.1 Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	69,1	минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	65,4
11.2 Сыртқы сауда айналымы: импорт*	71,6	жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы	65,9

*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп жарияланады. Осы себеппен, кестенің сол жақ бағанасында мәліметтер 2016ж. қаңтар-наурыз 2015ж. қаңтар-наурызына %-дық есеппен, ал оң жақ бағанасында 2016ж. қаңтар-ақпаны 2015ж. қаңтар-ақпанына %-дық есеппен келтірілген.



Жалпы ішкі өнім


1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

2016ж. 1 тоқ. ЖІӨ 0,2%-ға төмендеді

ҰЭМСК-нің алдын-ала деректері бойынша, 2016ж. 1 тоқ. ЖІӨ 2015ж. 1 тоқ. салыстырғанда нақты көрсеткіште 0,2%-ға төмендеп, 9,3 трлн. болды.

Тауарлар өндірісі 0,1%-ға өсіп, ал қызмет көрсету 0,2%-ға төмендеді. 2015ж. 1 тоқ. салыстырғанда, қызметтерді өндіруінің НКИ-і 3,9%-ға төмендеді, бұл ретте ЖІӨ құрамындағы қызметтердің үлесі 58,3%-ға дейін өсті.

2016ж. 1 тоқ. үшін ЖІӨ дефляторы 110,0%-ды құрды (2015ж. 1 тоқ.-101,6%). Тауарларды өндірудің - 107,5%, қызметтерді өндірудің дефляторы - 110,5% (2015ж. 1 тоқ. - сәйкесінше, 96,1% және 112,5%).



2016ж. 1 тоқ. құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар салалары ЖІӨ-нің өсуіне оң үлесін енгізді. Сауда көлемдерінің қысқаруы мен тау-кен саласындағы төмендеу есебінен өнеркәсіп өндірісінің көлемдерінің қысқаруы ЖІӨ-іне теріс әсерін тигізді.

1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ

2015ж. қорытындылары бойынша түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ 1,0%-ға ұлғайды


ҰЭМСК деректері бойынша, 2015ж. қорытындылары ЖІӨ нақты көрсеткіш бойынша 1,0%-ға ұлғайып, 38,4 трлн. теңге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 1,4%-ға өсті, жалпы жинақтау 2014ж. салыстырғанда 5,7%-ға өсті.

Өсуге үй шаруашылықтарының (1,0%-ға), мем. басқару органдарының (3,0%-ға), ҮШҚҚҰ* (2,7%-ға) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капиталды жинақтау үшін шығыстардың (4,1%-ға өсу) ұлғаюы себепші болды.

ЖІӨ құрамындағы таза экспорттың үлесі 9,9 пайыздық пунктке төмендеп, 4,0%-ды құрады. Тауарлар мен қызметтердің экспорты 2014ж. салыстырғанда 3,6%-ға, импорты 0,6%-ға төмендеді.

2015ж. ЖІӨ-нің дефляторы 96,4%-ды құрады (2014ж. 111,0%). Түпкілікті тұтыну шығыстары - 106,2%, жалпы жинақтау - 104,3%, экспорт - 77,3%, импортының дефляторы - 99,8% (2014ж. қорытындылары бойынша сәйкесінше, 109,1%, 106,7%, 116,2% және 109,6%).


*- ҮШҚҚҰ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар



1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

2016ж. 1 тоқ. қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2016ж. 1 тоқ. ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2015ж. 1 тоқ. қатысты ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (7,5%-ға өсу). Қырғызстан, Беларусь, Әзірбайжан мен Ресейде 2016ж. 1 тоқ. ЖІӨ-нің сәйкесінше, 4,9%, 3,6%, 3,5% және 1,2%-ға төмендеуі байқалды.



1.6. Негізгі ықпал ету факторлары


Мұнайдың бағасы

Бір жылдың ішінде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы әлемдік тауар биржаларында 28,9%-ға төмендеп, 2016ж. сәуірде баррельге 42,3\$ құрады*. Тау-кен өндіру саласында өндірістің көлемдері 2016ж. қаңтар-сәуірінде 2015ж. қаңтар-сәуірімен салыстырғанда нақты көрсеткіште 2,7%-ға төмендеді. Алайда ақшалай көрсеткіште өндіріс көлемдері 16,2%-ға өсті, бұған теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуі себепші болды.

Мұнай бағасы және өндіріс көлемдері

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2016ж. қаңтар-сәуірінде оның үлесі сәйкесінше 37,5%-ға тең болды.

2016ж. қаңтар-сәуірінде өңделмеген мұнайды өндірудің көлемдері (НКИ) 2015ж. қаңтар-сәуірімен салыстырғанда 2,7%-ға төмендеді. 2016ж. қаңтар-сәуірінде өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2015ж. қаңтар-сәуіріне қарағанда 2,2%-ға төмендеді. 2016ж. сәуірінде мұнай бағасының индексі өткен айға қарағанда 10,4%-ға өсті. Тау-кен өндіру саласының НКИ-і 2016ж. наурызымен салыстырғанда 9,5%-ға төмендеді**.



* - <http://econ.worldbank.org>

** - <http://stat.gov.kz>: 2015ж. қаңтар-сәуірдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

Сыртқы сұраныс

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2016ж. қаңтар-наурызында ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 46,7%-ға тең болды), Қытайға (11,1%) және Ресейге (9,7%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2016ж. 1 тоқ. ЕО ЖІӨ (28) 1,7%-ға өсті, Қытайда ЖІӨ-нің өсуі 6,7%-ға тең болды, ал Ресейде 1,2%-ға төмендеді.


Сыртқы сауда айналымы**2016ж. қаңтар-наурыз**

2016ж. қаңтар-наурызында сыртқы сауда айналымы 30,0%-ға төмендеді (экспорт 30,9%-ға, импорт - 28,4%-ға төмендеді).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2016ж. қаңтар-наурызында - 65,2%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (38,1%) басымдыққа ие.

Экспорттың төмендеуіне келесі тауарлар топтарындағы төмендеу себепші болды: минералды өнімдер - 42,4%-ға, басқа тауарлар - 14,5%-ға.

Импорттың төмендеуіне келесі тауарлар топтарындағы төмендеуі себепші болды: машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар - 37,2%-ға, химия және онымен байланысты өнеркәсіп салалардың өнімдері - 20,6%-ға, минералды өнімдер - 26,9%-ға, мал және өсімдік өнімдері, дайын азық-түлік тауарлары - 20,6%.

**Экономикадағы ақша ұсынысы****Несилер бойынша берешек***


2016ж. сәуірдің аяғында жыл басымен салыстырғанда несие көлемдері 2,8%-ға төмендеді

2016ж. сәуірдің аяғында экономикаға берілген несие көлемдерінің төмендеуі өткен айға 1,3%-ды құрды. 2016ж. сәуірінде жаңа несиелерді берудің көлемі өткен айға қарағанда 1,6%-ға төмендеді (2015ж. сәуірімен салыстырғанда 9,1%-ға өсу).

2016ж. сәуірдің аяғында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда экономикаға берілген несиелердің көлемі 1,8%-ға ұлғайып, 12,3 трлн теңгені құрды. 2016ж. сәуірдің аяғына қатысты, несие көлемдері, көрсетілген кезеңде несиелендіру сәйкесінше 12,3%-ға төмендеген құрылыстан басқа, экономиканың барлық салаларында ұлғайды.

* - кезең соңындағы деректер бойынша

** - өндірістік емес сала, жеке қызмет






2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКІ

Тауарлар өндірісі

2.1. ӨНЕРКӘСІП


Өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-сәуірде өнеркәсіп өндірісінің көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне 1,4%-ға азайды (2015ж. қаңтар-сәуірде - 0,3%-ға ұлғаю). Бұған тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы түрткі болды.




Тау-кен өндіру - өндіріс көлемдерінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-сәуірде тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне 2,7%-ға төмендеді (2015ж. қаңтар-сәуірде - 0,6%-ға ұлғаю). Есепті кезеңде мұнай (2,7%), көмір және лигнит (10,9%) және темір рудаларын (26,8%) өндіру төмендеді. Табиғи газ мен түсті металлдар рудаларын өндіру көлемдері ұлғайды (сәйкесінше, 6,8% бен 11,2%-ға).



Өңдеу - өндіріс көлемдеріндегі өсудің жалғасуы


2016ж. қаңтар-сәуірде сала бойынша ұлғаю 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,4%-ды құрды (2015ж. қаңтар-сәуірде 0,4%-ға өсу). Металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемдері 7,6%-ға ұлғайды (2016ж. қаңтар-сәуірде өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 44,1%-ды құрады), соның ішінде асыл және түсті металдар өндірісі 11,8%-ға өсті.



2.2. Құрылыс

Өсудің жалғасуы

2016ж. қаңтар-сәуірде жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,3%-ға өсті. Құрылыс жұмыстары құрамындағы 93,2% үлесін иемденетін құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі 11,3%-ға ұлғайды. Алайда, 2016ж. қаңтар-сәуірде өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі және ағымдағы жөнделу жұмыстарының көлемі сәйкесінше 31,4% бен 36,6%-ға төмендеді.






2.3. Ауылшаруашылығы

Мал шаруашылығындағы өнім көлемдері өсуінің жалғасуы

Ауылшаруашылығы секторы 2016ж. қаңтар-сәуірде 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 2,6%-ға өсті (2015ж. қаңтар-сәуірде 2,9%-ға өсу), бұның ішінде мал шаруашылығындағы өнім көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 2,7%-ға ұлғайды, өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдері өзгерген жоқ.




Қызмет көрсету саласы

2.4. Бөлшек сауда

Бөлшек тауар айналымының төмендеуі


2016ж. қаңтар-сәуірде бөлшек тауар айналымының көлемдері 2015ж. қаңтар-сәуірімен салыстырғанда 2,3%-ға төмендеді (2015ж. қаңтар-сәуірде - 3,1%-ға өсу). Төмендеудің негізгі себебі саудамен айналысатын кәсіпорындарының бөлшек сатудағы көлемдерінің 3,4%-ға төмендеуі болған (бөлшек тауар айналымындағы бұлардың үлесі - 53,8%).



2.5. Көлік

Жүк айналымының ұлғаюуы


2016ж. қаңтар-сәуірде көлік секторындағы жүк айналым көлемі 2015ж. қаңтар-сәуірімен салыстырғанда 0,5%-ға ұлғайды, бұл құбыр көлігіндегі жүк ағынының 6,7%-ға артуы себебінен болды (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі - 26,1%).



2.6. Байланыс

Қызметтер көлемінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-сәуірде байланыс қызметіндегі көлемінің төмендеуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,5%-ды құрды (2015ж. қаңтар-сәуірде - 5,5%-ға өсу). Төмендеудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 31,1% болатын мобильді байланыс қызметтері көлемдерінің 21,2%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 5,0% болатын қалааралық және халықаралық телефонды байланыс қызметтері көлемдерінің 24,2%-ға төмендеуі.






3. Инфляция

3.1. Тұтыну бағаларының индексі

Инфляцияның өсуі

2016ж. қаңтар-сәуірде инфляцияның деңгейі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 15,4%-ға тең болды, бұған барлық тауарлар мен қызметтер топтарының бағаларының өсуі себепші болды. Айлық инфляция 0,6%-ды құрады, 2016ж. сәуірінде азық-түлік тауарларының бағалары өткен айға қарағанда 0,7%-ға, ал азық-түлік емес тауарлары 0,8%-ға, ақылы қызметтер 0,4%-ға өсті.




4. Инвестициялар

4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2016ж. қаңтар-сәуірде инвестициялардың өсуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 14,9%-ды құрады (2015ж. қаңтар-сәуірде - 3,1%-ға өсу). Негізгі көз - кәсіпорындардың меншікті қаражаты, инвестициялардағы бұлардың үлесі 63,0%-ды құрды.

2016ж. қаңтар-сәуірде қаржыландыру көздері бойынша инвестициялардың өсуіне негізгі үлесін меншікті қаражаттың (19,9%-ға) және басқа да қарыз қаражаттың (39,3%-ға) өсуі енгізді. Пайдалану бағыттары бойынша инвестициялардың өсуіне негізгі үлесін өнеркәсіптің (21,1%-ға) және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялардың (16,2%-ға) өсуі енгізді.




5. Еңбек нарығы

5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Жұмыспен қамтылғандар мен жұмыссыздар санының төмендеуі

Жұмыссыздық деңгейі 2014-2016жж. аралығында 4,9-5,1% шегінде қалып отыр. 2016ж. сәуірде 2015ж. сәуірімен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандардың саны 0,7%-ға, ал жұмыссыздар саны 2,1%-ға қысқарды. Жұмыссыздық 4,9% деңгейінде қалды.



5.2. Жалақы және халықтың кірістері

Нақты жалақының төмендеуі

2016ж. қаңтар-сәуірінде орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2015ж. қаңтар-сәуірімен салыстырғанда 12,4%-ды құрады. 2016ж. сәуірде нақты жалақы индексі 2015ж. сәуіріне қарағанда 2,1%-ға төмендеуді көрсетті. Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптастырылатын бағалау көрсеткіші) 2016ж. наурызда 0,9%-ға өсуді көрсетті.

